

С.АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШҚУ ДАЙДЖЕСТІ

Amanzholov University-дің инклюзивті білім беруі 2024 жыл

ШҚУ ОҚЫТУШЫЛАРЫ АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ПЕДАГОГТАРЫ ҚАУЫМДАСТЫҒЫНДА



Арнайы және инклюзивті білім беру педагогтарының облыстық қауымдастығының құрамына Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің өкілдері кірді. Атап айтқанда, «Dana bala» үздіксіз және инклюзивті білім беру орталығының басшысы Әлима Әліпова, қауымдастырылған профессорлар Юлия Кукина және Елена Северинова, сондай-ақ логопед-дефектолог Рауан Байчинов.

[Толығырақ](#)

ИНКЛЮЗИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ



«Дана Бала» Үздіксіз және инклюзивті білім беру орталығына Әлихан Бөкейханов атындағы университет (Семей қ.) оқытушылары Назгүл Рахымжанова мен Гүлзат Сарбасова келді. Қонақтардың бұл сапарларының мақсаты – инклюзивті білім беру саласында тәжірибе алмасу және болашақта осы салада ынтымақтастықты арттыру.

[Толығырақ](#)

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУГЕ ДАЙЫНДАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ



Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің ұйымдастыруымен «Болашақ педагогтарды инклюзивті білім беруге дайындаудың әдістемелік аспектілері» атты семинар өтті.

Семинар жұмысы Академиялық саясат және білім беру бағдарламаларын басқару департаментінің директоры Ержан Домалатовтың кіріспе сөзінен басталды. Спикер ретінде Психология және түзету педагогикасы кафедрасының қауымдастырылған профессоры Мадина Әуренова сөз сөйледі.

[Толығырақ](#)


ШҚУ-ДА «ИНКЛЮЗИЯ ЖӘНЕ РАС: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙ МЕН МҮМКІНДІКТЕР» АТТЫ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТТІ



С. Аманжолов атындағы ШҚУ базасында «Инклюзия және РАС: қазіргі жағдай мен мүмкіндіктер» тақырыбында облыстық ғылыми-әдістемелік дөңгелек үстел өтті. Шара С. Аманжолов атындағы ШҚУ-дың «Дефектология» мамандығының ашылуының 20 жылдығына арналған іс-шаралар цикліне орайластырылған.

[Толығырақ](#)

УНИВЕРСИТЕТТЕГІ ИНКЛЮЗИВТІ ОРТАНЫ ДАМУ



Кәсіптік даярлау және біліктілікті арттыру ресурстық орталығында университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен құрылымдық бөлімшелерінің басшылары үшін «Университетте инклюзивті ортаны ұйымдастыруда жағдай жасау және оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша онлайн курстар басталды.

[Толығырақ](#)

ИНКЛЮЗИВТІ ПЕДАГОГИКА САЛАСЫНА ҚАТЫСТЫ ОБЛЫСТЫҚ СЕМИНАР ӨТТІ



Университетте «Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру жағдайында инклюзивті ортаны дамытудағы қиындықтар мен перспективалар» атты облыстық ғылыми-әдістемелік семинар өтті. Семинарды «Педагогикалық білім және менеджмент» кафедрасының қауымдастырылған профессоры Еркежан Нұртазина ұйымдастырған. Шараға «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» және «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандықтарының 2 және 3 курс студенттері қатысты.

[Толығырақ](#)

С.АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШҚУ ДАЙДЖЕСТІ

Amanzholov University-дің инклюзивті білім беруі 2024 жыл

«ДАНА БАЛА» ОРТАЛЫҒЫНДА ЛОГОПЕДТЕРГЕ АРНАЛҒАН БІРЕГЕЙ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖИНАҚ ӘЗІРЛЕНДІ



«Дана бала» үздіксіз және инклюзивті білім беру орталығының басшысы Алима Алипова атап өткендей, Amanzholov University жобасы аясында «LOGO Қоржын» әзірленді, ол қазақтың кәдімгі қоржыны сияқты екі бөліктен тұрады. Бір бөлігі диагностикалық, екіншісі түзетуге арналған. Оған оқулықтар, дидактикалық материалдар және оларды қолдану жөніндегі нұсқаулықтар енген. Әзірлемеге этнопедагогика элементтері, сөйлеуді дамыту бойынша материалдар енгізілген.

[Толығырақ](#)

«DANA BALA» ОРТАЛЫҒЫНА ҚР БІЛІМ МИНИСТРЛІГІНІҢ ӨКІЛДЕРІ КЕЛДІ



С.Аманжолов атындағы ШҚУ-дың «Dana bala» үздіксіз және инклюзивті білім беру орталығына «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» РММ директоры Айгүл Байтұрсынова келді.

Ол «Dana bala» УИББО – ның құрылуын және оны С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің КЕАҚ басқарма төрағасы-ректор Мұхтар Әділбекұлы Төлегеннің стратегиялық көреген шешімі екенін айта өтіп, орталықтың болашақ дефектологтар, студенттерге іс-тәжірибеден өту үшін маңыздылығын атап өтті.

[Толығырақ](#)


«DANA BALA» УИББО ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ ҚР БІЛІМ МИНИСТРЛІГІНЕ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



«DANA BALA» үздіксіз және инклюзивті білім беру орталығының басшысы Әлима Әліпова «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды кадрлармен қамтамасыз ету және сапалы білім беру мәселелері «диалог алаңында баяндама оқыды. Баяндама «Арнайы педагогика кадрларын даярлаудағы жаңа тәсілдер» тақырыбына арналды.

[Толығырақ](#)

ШҚУ-ДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА КАБИНЕТТЕРІ АШЫЛДЫ



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Орта білім беруді жаңғырту» жобасын жүзеге асыру аясында С. Аманжолов атындағы ШҚУ-да инклюзивті білім берудің екі жаңа кабинеті ашылды.

Әрбір кабинеттің жабдықталуы инклюзивті білім беру ортасын құруға маманданған Mikko жүйесінің озық технологиялары мен кешенді шешімдерін қолдана отырып жүзеге асырылды.

[Толығырақ](#)

ШҚУ-ДА ПЕДАГОГ-АССИСТЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН КУРС ӨТТІ



Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық даярлау және әдістемелік-технологиялық қолдау құзыреттер орталығы» жобасы аясында Кәсіби даярлау және біліктілікті арттыру ресурстық орталығымен бірге «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды сүйемелдеу бойынша педагог-ассистенттің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту» тақырыбында біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылды.

[Толығырақ](#)

ЖОО-ҒА БАЛАМАСЫ ЖОҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖАБДЫҚ ӘКЕЛІНДІ



«Дана бала» инклюзивті білім беру орталығы педагогика, логопедия және психология саласына қажетті жаңа «Ақылды айна» интерактивті құралымен қамтылды. Инновация жасанды интелект негізінде жұмыс істейтін видеокамера және сезімталдығы жоғары микрофонмен жабдықталған.

[Толығырақ](#)

С.АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШҚУ ДАЙДЖЕСТІ

Amanzholov University-дің инклюзивті білім беруі 2024 жыл

AMANZHOLOV UNIVERSITY БАЗАСЫНДА ИНКЛЮЗИВТІ БАСТАУЫШ МЕКТЕП АШЫЛДЫ



С. Аманжолов атындағы ШҚУ-да инклюзивті бастауыш мектеп құрылды. Осы күзден бастап сөйлеу дамуы тежелген 5-6 жастағы балалар қатарластарындай мектеп формасын киіп, білім нәрімен сусындай ала алады. Бұл ата-аналар үшін зор қуаныш. Университет мамандары жеке көрсеткіштер мен дәрігерлік ұсыныстарды ескере отырып балаларға сапалы білім беруге дайын.

[Толығырақ](#)

ИТАЛИЯНДЫҚ ПРОФЕССОРЛАР «ДАНА БАЛА» ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫНДА



Италиядан келген профессорлар Гвидо Аморетти және Алессандро Фигус «Дана бала» инклюзивті білім беру орталығын аралап көрді. Экскурсия аясында профессорларға орталықтың негізгі тұжырымдамасы мен мақсаты таныстырылды. Соңғы технологиялар мен жаңа жабдықтардың жұмыс істеу барысы түсіндірілді.

[Толығырақ](#)

«ДАРЫН» ОРТАЛЫҒЫ МЕН ШҚУ СЕРІКТЕСТІГІ ЖӨНІНДЕ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ



Абай облысы білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы» КМҚК және «С.Аманжолов атындағы ШҚУ» арасындағы серіктестік жөніндегі Меморандумға қол қойылды.

Меморандумның негізгі мақсаты — Абай облысының оқушыларына кәсіптік бағдар беру жұмысын қолдау және білім беру бағдарламаларын дамыту, сондай-ақ саланы кәсіби кадрлармен қамтамасыз ету және мамандарды даярлау сапасын жақсарту.

[Толығырақ](#)

«ДАНА БАЛА» ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫНДА СЕМИНАР- ПРАКТИКУМ ӨТТІ



С.Аманжолов атындағы ШҚУ-дың «Дана бала» үздіксіз инклюзивті білім беру орталығында «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық даярлау және әдістемелік-технологиялық қолдау жөніндегі құзыреттілік орталығы» жобасы аясында семинар-практикум өтті.

[Толығырақ](#)

«ДАНА БАЛА» ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ ПЕДАГОГ- АССИСТЕНТТЕРГЕ СЕРТИФИКАТТАР ТАБЫС ЕТТІ



С.Аманжолов атындағы «Дана бала» инклюзивті білім беру орталығында «Жалпы білім беретін мектептерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды сүйемелдеу бойынша педагог-ассистенттің кәсіби құзіреттілігін дамыту» курсының тыңдаушыларына сертификаттар табыс етілді. Курс ҚР Оқу-ағарту министрлігімен келісілген.

[Толығырақ](#)

МЕКТЕПТЕРДЕГІ ИНКЛЮЗИВТІ МӘДЕНИЕТ: ШҚО-ДАҒЫ БІЛІМ КӨШБАСШЫЛАРЫ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕНІ ҚАЛАЙ ҚОЛДАНУДА



С.Аманжолов атындағы ШҚУ базасында облыстағы ірі білім беру ұйымдары өкілдерінің басын қосқан «Инклюзивті білім беру жағдайында білім беру процесін басқару: заманауи тәсілдер мен тәжірибе» семинары өтті. Мақсаты — ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды мектептерге бейімдеу, олардың ата-аналарымен жұмыс және арнайы педагог маманның кәсіби шаршау және қажу фактілерін болдырмау үшін атқарылатын жұмыстар легін пысықтау.

[Толығырақ](#)

С.АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШҚУ ДАЙДЖЕСТІ

Amanzholov University-дің инклюзивті білім беруі 2024 жыл

ТӘЖІРИБЕЛЕР ТОҒЫСҚАН ИНТЕРАКТИВТІ АЛАҢ



Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде «Дефектология» мамандығының ашылғанына 20 жыл толуына орай «Әртүрліліктің құндылығы: білім беруде және қоғамда» Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның екінші күні ашық интерактивті алаң шеберлік сыныптарымен жалғасты.

[Толығырақ](#)

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДА ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЙЫНДАУДА



Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова Шығыс Қазақстан облысына жұмыс сапары аясында өңірдегі бірқатар білім беру нысандарының қызметімен танысты. Соның бірі – облыстағы білім беру мекемелерінің тәжірибесіне инклюзияны белсенді енгізу бойынша ауқымды жұмыстар атқарып жатқан С.Аманжолов атындағы ШҚУ базасындағы «Dana bala» үздіксіз және инклюзивті білім беру орталығы.

[Толығырақ](#)

ТАМАРА ДҮЙСЕНОВА: «DANA BALA» ИНКЛЮЗИЯ ҒЫЛЫМ, МЕДИЦИНА ЖӘНЕ БІЛІМНІҢ ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСЫНДА ДАМИДЫ



Өскеменге жұмыс сапары барысында ҚР Премьер-министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова 2022 жылы С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің базасында ашылған «Dana bala» үздіксіз инклюзивті білім беру орталығымен танысты. Бірегей нысан білім беру қызметтерін алу үшін ата-аналарымен орталыққа келетін ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысқа арналған. Студенттердің практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған.

[Толығырақ](#)

БАРШАҒА ҚОЛЖЕТІМДІ БІЛІМ САПАСЫ



БҰҰ-ның 17 тұрақты даму мақсатының аясында білім берудегі теңдік пен қолжетімділікті қамтамасыз ету маңызды орын алады. Осы бағытта С. Аманжолов атындағы ШҚУ Қазақстан бойынша инклюзивті ортаны дамытуға негіз болатын ауқымды база.

[Толығырақ](#)

«CATERPILLAR» ҚОРЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ASHA VARGHESE AMANZHOLOV UNIVERSITY-ДЕ



С. Аманжолов атындағы ШҚУ-ға «Caterpillar» қорының президенті Asha Varghese жұмыс сапарымен келді. Ұйым қызметкерлерді ғылымға, STEM технологияларға, инженерлік іспен математикаға үйрете отырып қауымдастықтарға нарықта тұрақтылықты сақтауға көмектеседі. Кездесу барысында ректор Мұхтар Төлеген қонақтарға “Dana Bala” үздіксіз және инклюзивті білім беру орталығын таныстырды. Атап айтқанда, сенсорлық интеграция, аппараттық психодиагностика және психологиялық түзеу зертханалары, логопедиялық кабинет, STEAM, шахмат және робототехника кабинеттерінің жұмысы көрсетілді.

[Толығырақ](#)

ТҮЗЕТУ ПЕДАГОГТАРЫНА АРНАЛҒАН WORKSHOP ӨТТІ



ШҚУ өкілдері «Орта білім беру жүйесінде түзету жұмыстарын жетілдіру кезінде арнайы педагогтың кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбында «Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығының тыңдаушыларына воркшоп ұйымдастырды. Университет мамандары менөзге оқу орындарының 27 педагогы ғылыми зерттеулер жүргізуді, педагогика, психология, түзету педагогикасы бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды, инклюзивті білім беру саласындағы мамандарға әдістемелік қолдау көрсетуді және сараптамалық кеңестер беруді талқылады.

[Толығырақ](#)

С.АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШҚУ ДАЙДЖЕСТІ

Amanzholov University-дің инклюзивті білім беруі 2024 жыл

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БЦС КҮНІ: САРАПШЫЛАР ӨЗЕКТІ САУАЛДАРДЫ ТАЛҚЫЛАДЫ



С.Аманжолов атындағы ШҚУ-да халықаралық күніне орай «Балалардың церебралды сал ауруы жайлы ашық диалог алаңы» дөңгелек үстелі өтті. Денсаулық сақтаудың өзекті мәселелерін талқылауға өмірдің әртүрлі кезеңдеріндегі ерекше балаларды қолдаумен айналысатын ұйымдардың басшылары мен мамандары қатысты.

[Толығырақ](#)

ШҚО ЖӘНЕ АБАЙ ОБЛЫСЫ МЕКТЕПТЕРІНІҢ ПЕДАГОГ- ДЕФЕКТОЛОГТАРЫНА АРНАЛҒАН ВОРКШОП



Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығымен ШҚО бойынша серіктестік келісім негізінде «Орта білім беру жүйесінде түзету жұмыстарын жетілдіру кезінде арнайы педагогтың кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбында екінші воркшоп өтті.

[Толығырақ](#)

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ: СЕМИНАР-ПРАКТИКУМ ӨТТІ



«Dana bala» үздіксіз және инклюзивті білім беру орталығының жетекшісі Алима Алипова және психология және түзету педагогикасы кафедрасының қауымдастырылған профессоры Юлия Кукина «Жалпы білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандарының рөлі» атты облыстық семинар-практикумға қатысты.

[Толығырақ](#)

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЛОГОПЕД КҮНІНЕ АРНАЛҒАН МАСТЕР-КЛАССТАР ЦИКЛЫ



ШҚУ-да SpecPed & ClIPsy шеберлік сағаттары апталығы басталды. Шараны Психология және түзету педагогикасы кафедрасы ұйымдастырды. Халықаралық логопедтер күнінде өткен алғашқы мастер-класс «Дефектология» мамандығының студенттеріне арналды. Мақсаты - университет студенттерінің құзыреттілігі мен білімін арттыру. Шара концерттік бағдарламамен басталды. Оның барысында болашақ мамандарды кәсіби мерекелерімен құттықтап, ресми бөлімнен кейін студенттерге спикер мен оқу тақырыбын таңдау мүмкіндігі берілді.

[Толығырақ](#)

AMANZHOLOVUNIVERSITY-ДЕ ДЕФЕКТО-ФЕСТ ШАРАСЫ ӨТТІ



Психология және коррекциялық педагогика кафедрасы практикалық мамандардың қатысуымен студенттер арасында дефекто-фест ұйымдастырды. Іс-шараның мақсаты – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасауда студенттердің кәсіби дамуына ықпал ету.

[Толығырақ](#)

«С. АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШҚУ- ДА ІРГЕЛІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ ҒЫЛЫМ ҚАРЫШТАП ДАМУДА». ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ ШҚУ-ҒА АРНАЙЫ КЕЛДІ



Аймақ басшысы Ермек Көшербаев С. Аманжолов атындағы ШҚУ-ға келіп, оқу орынының ғылыми қызметімен танысты. Жұмыс сапары аясында Шығыс Қазақстан облысының әкіміне коммерцияландыру кеңсесі таныстырылды. Сондай-ақ STARTUP академия, STEM-орталық, «Беттік инженерия және трибология» ғылыми-зерттеу орталығы және Ұжымдық қолданыстағы ұлттық ғылыми зертхана қызметі көрсетілді.

[Толығырақ](#)

С.АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШҚУ ДАЙДЖЕСТІ

Amanzholov University-дің инклюзивті білім беруі 2024 жыл

ШҚУ ПРОФЕССОРЛАРЫ ФИНЛЯНДИЯДАН КЕЛГЕН ОҚЫТУШЫЛАРМЕН БІРЛЕСІП ТРЕНИНГ ӘЗІРЛЕУДЕ



Психология және коррекциялық педагогика кафедрасының профессорлары Светлана Стельмах пен Ирина Мацкевич Финляндия және Қазақстанның басқа да жоғары оқу орындарынан келген оқытушылар құрамынан құралған топпен педагогтарға арналған жаңа тренинг әзірлеуде.

[Толығырақ](#)

AMANZHOLOV UNIVERSITY ҒАЛЫМДАРЫ АВТОРЛЫҚ ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАР ӘЗІРЛЕДІ



С. Аманжолов атындағы ШҚУ ғалымдары сөйлеу қабілеті бұзылған мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудың жаңа әдістерін және олардың ата-аналарына, сондай-ақ мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдарды әзірледі. Идеяның авторы — университеттің жоғары біліктілік санатындағы логопед-дефектологы Рауан Байчинов.

[Толығырақ](#)